

## Әлеуметтік әріптестік жөніндегі МЕМОРАНДУМ

Кентау қаласындағы «Кентау көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны директоры Шаймерденова Гульжан Алиевна, **ТОО «BNK Group LTD»** басшысы Бейсенбаев Ниязали Курбаналиевич арасындағы келісім-шарт Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін техникалық және кәсіптік білім мекемелері мен әлеуметтік әріптестер арасындағы байланысты нығайту және бітірушілерді жұмыспен қамту, оқушыларды өндіріс орындарында іс-тәжірибесін өткізу бойынша 07150100 «Машина жасау технологиясы (түрлері бойынша)» мамандығының еңбек нарығына қажетті мамандар сұранысын анықтау жұмыстарын үйлестіру және жандандыру мақсатында жасалынып отыр.

### 1. Екі жақты келісім міндеттері:

#### 1.1. Кентау көпсалалы колледжінің атқаратын міндеттері:

- а) Білім берудің жаңа талаптарына сай кәсіби мамандарды даярлайды;
- б) Өндірістік іс-тәжірибе мерзімін жұмыс беруші сұранысына қарай өзгереді;
- в) Нарық экономикасына қажетті мамандарды дайындайды;
- г) Колледж арнаулы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыруды және тағылымдамалардан өтуін қамтамасыз етеді.
- д) Кәсіптік тәжірибе кезінде жетекшілері тәжірибе өтіп жатқан білім алушылардың техникалық қауіпсіздігіне толығымен жауапты

### 2. **ТОО «BNK Group LTD»** атқаратын міндеттері:

- а) Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексінің» 69,116,119,120,122,127 баптарының талаптарын және т.б. заңда көрсетілген ережелер бойынша жұмыс жүргізеді;
- б) Жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады;
- в) Кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарына өзгерістер енгізе алады;
- г) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысады;
- д) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастырып, болжамды бітірушілердің сапалы оқытылуын талап етуге құқылы;
- е) WordSkills чемпионатына дайындық жұмыстарына құзыреттіліктерге байланысты дайындық орнын бөледі және қатысушыларды дайындалуын қамтамасыз етуі;
- ж) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің болжамдарына сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап етуге құқылы;

**3. Екі жақты келісімнің негізгі міндеттері:**

Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің жұмысшы кадырлары мен мамандарын даярлау проблемалары бойынша үздік білім алушылармен, ардагерлермен дөңгелек үстелдер мен конференциялар, семинарлар өткізіледі.

**4. Екі жақты келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.**

Кентау көпсалалы колледж  
директоры  
Г.А.Шаймерденова

2025ж

**ТОО «BNK Group LTD»**

басшысы

Н.К. Бейсенбаев

2025ж